

Мемлекеттік органдар пайдаланатын Астана қаласындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысына байланысты салықтар мен төлемдерді төлеу жөніндегі мәселелерді реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ӨКІМІ 1998 жылғы 16 қазан N 201

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығының 68-бабының 1-тармағына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) сәйкес және кейбір мұнай өндіруші акционерлік қоғамдарының тапсырысы бойынша Астана қаласындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысымен байланысты "Финтрако" түрік фирмасының қосылған құнға салынатын салықты төлеуі жөніндегі мәселелерді реттеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті белгіленген тәртіппен:

"Маңғыстаумұнайгаз", "Теңізмұнайгаз", "Ембімұнайгаз" және "Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамдарына "Финтрако" түрік фирмасы орындаған құрылыс-монтаждық қызмет көрсетулерінен айналымдары бойынша қосымша құнға салынатын салықтың есебіне 7 083 745 (жеті миллион сексен үш мың жеті жүз қырық бес) АҚШ долларына баламды соманы қосымшаға сәйкес есептеуге рұқсат берсін;

жоғарыда аталған акционерлік қоғамдардың Жол қорына төлемдерін қосымшада көрсетілген жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалану бойынша тиісті берешегі бар мемлекеттік органдарды қаржыландырудың есебіне есептеуі мен өтеуі жөнінде ұсыныстар енгізісін.

2. Премьер-Министрдің Кеңесі осы өкімнің орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1998 жылғы 16 қазандағы
N 201 өкіміне
қосымша

"Финтрако" фирмасы Астана қаласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін

салуда игерген акционерлік қоғамдарының қаражаты және қосылған құнға
салынатын салық бойынша және Жол қорына төлемдердің көрсеткіштері
(АҚШ долларымен)

Құны барлығы Ұйымдар бойынша шығындар,оның ішінде:			
	"Маңғыстаумұнайгаз" "Ақтөбемұнайгаз"		
50 үйлік тұрғын үй кешені	12 5432 24-00	12 543 224-00	
Үкімет ғимараты	11 767 937-00		11 767 937-68
"Қазақойл" ҰМҚ-ның ғылыми-зертханалық корпусы	9 410 319-00		
40 және 52 пәтерлік тұрғын үйлер, қонақ үй, салықтар, дайындық және қосалқы жұмыстар:50 үйлік тұрғын үй кешені бойынша	1 697 245-00		
Жиыны	35 418 726-63		
ҚҚС	7 083 745-32	2 508 644 -80	2 353 587-53
Жол қоры	177 093-62	62716-12	58 839-69
Барлық салық	7 260 838-94	2 571 360-92	2 412 427-22
Құны барлығы Ұйымдар бойынша шығындар,оның ішінде:			

"Ембімұнайгаз" "Маңғыстаумұнайгаз"			
50 үйлік тұрғын үй кешені			
Үкімет ғимараты			
"Қазақойл" ҰМҚ-ның ғылыми-зертханалық корпусы	9 410 319-43	1 697 245-52	
40 және 52 пәтерлік тұрғын үйлер, қонақ үй, салықтар, дайындық және қосалқы жұмыстар:50 үйлік тұрғын үй кешені бойынша			
Жиыны			
ҚҚС	1 882 063 -89	339 449-10	
Жол қоры	47 051-59	8 486-22	
Барлық салық	1 929 115-48	347 935-32	